

Қазақстан Республикасы төрелік соттарының Азаматтық заң негіздерін қолдануымен байланысты кейбір мәселелер туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумы 1994 жылғы 21 шілде N 6. Күші жойылды - ҚР Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы N 28 Нормативтік қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы N 28 Нормативтік қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Төрелік Сотының Пленумы сот-төрелік тәжірибесінің біркелкілігін қамтамасыз ету мақсатында "Қазақстан Республикасы төрелік соты туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабын басшылыққа ала отырып

қаулы етеді:

Сот түсініктемесі ретінде мыналар түсіндірілсін:

1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің "Экономикалық реформаларды жүргізу кезеңінде азаматтық құқық қатынастарын реттеу туралы" қаулысы мен Қазақстан Республикасының жаңа Азаматтық кодексі қабылданғанға дейін, республика аумағында уақытша 1991 жылы 31 мамырда бекітілген КСР Одағы мен республикалардың азаматтық заң Негіздерінің қызметі жүзеге асырылуы белгіленген.

Азаматтық заң негіздері Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 30 қаңтардағы қаулысында белгіленген ретпен шекте, яғни Қазақстан Республикасының Конституциясы 1990 жылдың 1 қаңтарынан кейін қабылдаған заң актілеріне қайшы келмейтін бөлігінде қолданылуға жатады.

Төрелік соттар 1990 жылдың 1 қаңтарына дейін қабылданған Азаматтық кодекс нормалары мен азаматтық заң актілерін Азаматтық заң негіздеріне қайшы келмейтін бөлігінде қолдануы мүмкін.

2. Азаматтық заң негіздері 1993 жылдың 30 қаңтарынан кейін туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Тараптардың бұған дейін қарым-қатынасы Қазақстан Республикасы заңымен, ал онда қарастырылмаған бөлігінде, бұрынғы КСРО-ның ("Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңын күшіне енгізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулысына сәйкес) нормативтік актілерімен реттеледі.

3. Азаматтық заң негіздерінің 15-бабының 1-тармағы қандайда бір болмасын ықтиярсыз алусыз заңды ұйымның толық мүліктік жауапкершілігін белгілейді. Сондықтан қарыздардың ақша қаражаты жоқ болса, несие берушінің талабы бойынша оны заңды ұйым иелігіндегі кез келген мүліктен өндіріп алуға болады.

Заңды ұйымның жауапкершілігі заңмен, құрылтай құжаттарымен, Жарғымен анықталады. Жеке мүліктен өндіріп алу, заңда немесе жоғарыда көрсетілген құжаттарда қарастырылған жағдайларда болуы мүмкін.

4. Мерзімі өткен істерді қарау мәселелерін шешу кезінде, төрелік сот Негіздердің 42, 43-баптарын және осы баптарға қайшы келмейтін Қазақ КСР-і Азаматтық кодексі ережелерін басшылыққа алуы тиіс.

Негіздерде кез келген адамның талабы бойынша құқын қорғау үшін үш жылдық жалпы мерзім белгіленген. Сондықтан Қазақ КСР Азаматтық кодексінде көзделген мемлекеттік және басқа ұйымдар үшін мерзімі өткен істерді жыл мерзімінен бөліп алуды қолданбау керек.

Мерзімі өткен істердің жалпы мерзімі 1993 жылдың 30 қаңтарынан кейін қабылданған мемлекеттік және жоғары органдардың актілеріне дау айтқан заңды ұйымдардың талаптарына да қолданылуы керек.

Негіздердің 42-бабының 2-тармағына сәйкес жеке талаптар үшін мерзімі өткен істердің мерзімін қысқарту заң актілерімен белгіленуі мүмкін. Төрелік соттар дауларды қараған кезде мерзімі өткен істердің қысқартылған мерзімдері Қазақ КСР Азаматтық кодексінің 76, 243, 237, 375-баптарында қарастырылғанын ескеруі керек. Мердігер жауапкершілігі Негіздердің 94-бабымен реттеледі, сондықтан да Қазақ КСР Азаматтық кодексінің 352 бабын қолдануға жатпайды.

5. Өнімдер жеткізілімі келісімінен туындайтын дауларды қарау кезінде оған Азаматтық заң негіздерінің 79-бабында көрсетілген алып-сату келісімі жөніндегі ереженің қолданылатынын ескеру қажет. Басқаша жағдайлар шартта немесе заң актілерінде белгіленуі мүмкін. Мемлекет қажеттері үшін тауарлар жеткізудің ерекшеліктері арнайы заңдармен анықталады.

Егер шартта, бұл туралы тікелей анықталса немесе мазмұнынан айқын көрініп тұрған жағдайда, өнім жеткізу туралы Ережеде және күрделі құрылыс келісімі туралы Ережеде белгіленген мүліктік санкциялар тараптардың қарым-қатынасына қолданылады. Бұл ретте шарт тәртібін белгілейтін Азаматтық заң негіздерінің 59-бабы басшылыққа алынуы керек.

6. Азаматтық заң негіздерінің 28-бабы мәміле деп азаматтар мен заңды ұйымдардың азаматтық құқықтары мен міндеттерін орнықтыруға, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған әрекеттерін таниды. Бұл ретте 27-бап келісім жасаудың белгілі бір түрі заңмен белгіленбеген жағдайда ауызша мәміле жасауға

тыйым салмайды. Төрелік соттар дауларды шешкен кезде 1990 жылдың 1 қаңтарынан кейін қабылданған заң талаптарынан шығуы және осыған сәйкес тараптардың әрекеттері мен келісімнің бұзылу салдарына баға беруі керек.

7. Азаматтық заң негіздерінің 71-бабының 1 тармағы мен Негіздердің 73-бабының 3-тармағы қарыздардың міндеттерін орындауда өзіне қатысты барлық шараларды қолданғандығы туралы дәлелдерін ескеріп, міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқтығынан, міндеттерін орындаудан босатуды көздейді.

8. Қазақ КСР Азаматтық кодексінің 147-бабына қайшы 1993 жылдың 30 қаңтарынан кейін пайда болған құқықтық қатынастарға қолданылатын Азаматтық заң негіздерінің 133-бабында мүлікті негізсіз сатып алынған сәтіндегі емес, сол негізсіз сатып алынған мүлікті қайтарып алуға талап берілген кездегі бағасымен өндіріп алу көзделген. Төрелік соттар негізсіз баюдың нәтижесіндегі міндеттемелер бойынша талаптарды қарау кезінде қарыздардың негізсіз сатып алған қанша мүлкінің бар екенін, талапкерге оны қайтару мүмкіндігін анықтап және шешім шығару кезінде негізсіз сатып алынған немесе айрылып қалған мүліктің іс жүзіндегі шешім шығару уақытындағы бағасын анықтауы керек.

9. Азаматтық заң негіздерінің 65-бабының 2-тармағы шарт бағасының, ол жасалғаннан кейін өзгертілу мүмкіндігін тек шартта немесе заңда көзделген жағдайларда ғана болуын көздейді. Мүлік дауларын қараған кезде төрелік сот бағаның іс жүзінде өзгергені жөніндегі дәлелдерді талап етуі керек, ал дәлелдер болмаған жағдайда арыз талаптары шартта көрсетілген баға есебімен қанағаттандырылады.